



«Бекітемін»
Мектеп директоры
Т.З.Кембебаева

**Химия пәні бойынша 2022-2023 оқу
жылындағы дарынды
оқушылармен жүргізілетін жұмыс
жоспары**

Пәні: Химия

Пән мұғалімі: Ф.Г.Жортинбаева

Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында істелетін жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңының 5-тарауындағы 41-баптың 1-бөліміндегі “педагог қызметкерлер өз біліктілігін артыруға міндетті” деп көрсетілуі, “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында елбасының “біз балаларымызға өзіміздің жақын және алыс көршілерімізбен достық қарым-қатынасымызды мұра етіп қалдыруымыз керек” деген сөзі бүкіл ағартушы қауым алдында “Оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту” өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі.

Білім беру сапасының деңгейі халықаралық *PISA*, *TIMSS* және *PIRLS* мониторинг зерттеулері арқылы анықталады. Оқушылардың халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің білім және білік сапасының көрсеткіші де функционалдық сауаттылық болып табылады. Қазақстандық оқушылардың осы зерттеулерге қатысу нәтижесі функционалдық сауаттылықтың қажетті деңгейде қалыптаспағанын көрсетіп отыр. Осы мақсатты жүзеге асыруда мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісін дамытуға аса мән беру қажет.

Мектеп – еліміздің халыққа білім беру жүйесінің – күрделі тармағы. Сондықтан мектебіміздің мақсаты: жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың алғы шарты ретінде оқушыларды сараптап оқыту арқылы шығармашылық қабілетін дамыту.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты:

- ең талантты және жас дарынды зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;
- оқушылардың әртүрлі ғылымға құштарлығын, қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- теориялық білімі мен біліктерін іс жүзінде қолдана білуге баулу;
- шығармашылық ізденісін арттырып, өз бетінше жұмыс істеу дағдысын игерту;
- іс – әрекетін басқару арқылы іздестіру, зерттеу, ой таласын туғызуға жетелеу;
- оқушылардың бойына ғылыми және ғылыми – көпшілік әдебиеттермен жұмыс істей білу қабілетін дамыту;
- оқушыларға мамандық таңдау жолына бағдар беру.

Оқушыға қойылған талаптар:

- қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу;
- ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін, функционалдық сауаттылығын арттыру;
 - алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;
 - өзін - өзі талдауды, өзін - өзі бағалай білуді меңгеру;
 - басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды пошта);
 - қоршаған ортада өз орныңды, жеке рөліңді анықтай білу;

«Дарынды балалар» бағдарламасының жұмыс бағыттары:

- I. Дарынды балаларға арналған қосымша оқу бағдарламаларын, тест тапсырмаларын және түрлі бақылау жұмыстарының мәтіндерін дайындау.
- II. Диагностика жүргізу
- III. Дарынды балалардың шығармашылық потенциалын жүзеге асыруда жағдай туғызу
- IV. Дарынды балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.

V. Дарынды балалардың шығармашылық дамуының негізгі көзі-ынталандару іс-шараларын өткізу

Дарынды оқушылармен жұмыс істеу жүйесінің моделі:

Жұмыстың бағыттары:

- Диагностика – оқушыны тұлға ретінде байқау.
- Қабілеті жоғары және дарынды оқушылармен биология сабағында жұмыс істеу;
- Сабақтан және сыныптан тыс жұмыстары.

Жұмыстың әдістері:

- Анкета, сұрақтар қою;
- Өңгімелесу;
- Тестілеу;
- Әдебиеттерді қарастыру;
- Шығармашылық жұмыстар;
- Жобалау әдісі;
- Мәселе шешу әдісі;
- Синквейн.

Жұмыс түрлері:

- сабақ кезіндегі қиындығы жоғары тапсырмаларды пайдалану;
- факультатив;
- өз білімін көтеру;
- пән апталықтарын өткізу;
- ғылыми-практикалық конференциялар;
- олимпиадалар;
- интеллектуалдық марафон.

Негізгі принциптері: Баламен жеке сыйластық және сенімді қарым-қатынас орнату.

Болжап отырған нәтиже: Оқу бағдарламасына сай білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыра алатын, іс-әрекетке талдау жасай алатын, жоспарлау мүмкіндігі қалаптасқан тұлға.

Дарындылық анықтамасы:

- Іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін қабілеттік істің өзара сәйкестік сапалығын айтады;
- Іс-әрекеттің жағдайдағы ерекшелігі, кеңінен қамтылған адам мүмкіндігі;
- Ақылдың потенциалы немесе интеллект. Оқуға, білімге жалпы танымдық мүмкіндіктер және қабілеті;
- Баланың табиғаты арқылы дамыған қабілет туралы;
- Таланттылық және адамгершілігінің жоғары жетістіктерге жеткізетін іс-шаралар.

Дарынды баланың сипаттамасы:

- Интеллектуалды сферасы;
- Білімділік өрісі;
- Ойлау қабілеті ерекшесі тұрақты, қызығуы мол, кейде бір іспен айналысса тоқтай аламайды, өз ойын ерте жеткізеді.

Дарындылық үш параметрмен анықталады:

- Танымдық жеке дамуы;
- Психологиялық жеке дамуы;
- Физикалық дамуы.

Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары

№	ЖҰМЫСТЫҢ ТҮРІ	МЕРЗІМІ	ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ
1	Дарынды оқушыларға арналған жылдық жұмыс жоспарын құру	қыркүйек	Жоспар
2	Сынып жетекшілер және педагог - психологімен кеңесе отырып қабілетті (өте ерекше) оқушылар тізімін алу.	қыркүйек	Тізімін құру
3	Білім деңгейінің игеру қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін анықтау.	қыркүйек	Оқушылардың ерекшеліктері
4	Дарынды балалармен жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу	Жеке жоспар бойынша	Жоспар
5	Оқушылардың шығармашылық жұмыстарын жүйелеу (рефераттар, суреттер, шығармашылық жұмыстар).	Жоспарға байланысты	Оқушылардың шығармашылық жұмыстары
6	Мектепшілік және аудандық, қалалық пәндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру.	Кезеңінде	Сараптама
7	Өз бетінше ізденіп оқуды ұйымдастыру, дамыту.	Жоспарға байланысты	Сабақ жоспарлары
8	Жаңа әдіс-тәсілдер элементтерін пайдалана оқыту	Қажеттілігіне қарай	Презентациялары
9	Деңгейлік тапсырмалар дайындау	Қажеттілігіне қарай	Деңгейлік тапсырмалар
10	Тест және басқа да тапсырмалар арқылы танымдық қабілеттерін нығайту	Қажеттілігіне қарай	Тест тапсырмалары
11	Сабақ сайын озық тапсырмалар беру	Жыл бойы	Тапсырмалар
12	Пән бойынша білім-білік дағдыларының қалыптасуын үнемі бақылып, өздеріне талдатып, өздік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру	Сабақ сайын	Өздік бағалау

Химия пәні бойынша дарынды оқушылар тізімі

№	Оқушы аты жөні	сыныбы
1	Жұлдызқызы А	9 А
2	Қыдыркелді Ж	9 Ә
3	Ершиман Д	10 А
4	Ерназ Ш.	10 А
5	Таңжайық А.	10 А
6	Жұлдызқызы А	11 А
7	Ақжолқызы А	11 Ә

Пән мұғалімі Жортинбаева Ф